

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен _____ <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге _____ тиын (_____ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақы төлейді, ал Жеткізуші Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген Тауардың бірлік бағасына, атауына, санына, жиынтығына сәйкес, Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Тауарды жеткізуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Сатып алынатын Тауардың тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге _____ тиын (_____ теңге _____ тиын) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге _____ тиын (_____ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі Тауар құны, <және _____ теңге _____ тиын (_____ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса)> кіреді.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауар жеткізуге байланысты барлық шығындары кіреді.

Шарттың Жалпы сомасы Тауардың бірлігіне бағаны өзгертпестен сатып алынған тауарлардың нақты санына байланысты азаюы мүмкін. Осыған байланысты Тараптарға Шартқа қосымша келісім бекіту талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны Тауарды қабылдау-өткізу актісінде (бұдан әрі – Акт) көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

ілеспе қызметтермен бірге жеткізілген нақты Тауар саны үшін Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны) (Жеткізуші бейрезидент болса, инвойсты) берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді.

Төлем шоты (шот-фактура) (Жеткізуші бейрезидент болса, инвойсты) Тараптардың екеуі де Актіге қол қойғаннан кейін беріледі.

Қағаз тасымалдауыштағы төлем шоты Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының (бейрезиденттер үшін – Жеткізуші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Факспен және/немесе басқа жолмен алынған құжаттардың заңды күші бар және Тапсырыс беруші оларды кейіннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқалармен ауыстыра отырып қабылдайды (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жерде орналасқан жеткізушілер үшін).

2.7. Тараптар қажеттілікке қарай Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған тиісті акт жасай отырып, екі жақты тәртіппен өзара есеп айырысуларды салыстырып тексереді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіге Тауардың жеткізу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың саны мен сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғалар туралы хабарлауға;

- 2) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші жеткізген Тауарларды Акт негізінде қабылдауға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға **міндеттенеді**.
- 4) ілеспе қызметтерді орындау үшін Жеткізуші тартатын қызметкерлерге Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқама жүргізуге;
- 5) Шарттың талаптарына сәйкес Актіге қол қоюға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде кіріспе нұсқама және жұмыс орнында нұсқама жүргізуге;
- 7) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған басқа да құқыққа қарсы әрекеттер анықталған жағдайда, бұл туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тауардың сапасына және санына оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Жеткізуші жеткізетін Тауардың жеткізу барысын, Тауардың саны мен сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- 3) қабылдау-тапсыру процесінде немесе кепілдік беру мерзімі кезеңінде Тауарда кемшіліктер, ескертулер, жиынтықтылыққа және (немесе) модельдерде сәйкессіздіктер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда оны бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас жаңа Тауарға ауыстыруды талап етуге немесе Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жою не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға;
- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болғанда Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 6) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.
- 7) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратында, қызмет көрсету учаскелері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау талаптарын сақтауды талап етуге;
- 8) электр қондырғыларын пайдалану тәртібін регламенттейтін стандарттардың талаптарына сәйкес электр қондырғыларын пайдалану кезінде Жеткізушіден электр қауіпсіздігі қағидаларын және қауіпсіздік техникасын сақтауды талап етуге;

- 9) Жеткізушіден оның өкілдерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын талап етуге;
- 10) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда ақы төлемеуге;
- 11) Шарттың талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) шегеріп тастап төлем жүргізуге;
- 12) Шарттың 2.2-тармағында көрсетілген қағаз тасымалдауыштағы немесе электронды түрдегі құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда, Жеткізушіге себептерін көрсете отырып, қағаз тасымалдауыштағы құжаттарды қайтаруға немесе электронды құжатты қабылдауға келіспейтіні туралы хат жолдауға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарға сәйкес тиісті сападағы Тауарды жеткізуге;
- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жойылу, бүліну немесе кездейсоқ бұзылу тәуекелін көтеруге;
- 3) егер Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау- өткізу процесінде немесе кепілдік мерзімі ішінде Тауардағы ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ауыстыруды жүзеге асыруға;
- 4) кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қою күнінен бастап 6 айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;
- 5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6 бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.
- 10) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;
- 11) Жеткізушінің Шарт талаптарын орындамауынан және/немесе тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған өзіне келтірілген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

12) жасалған Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетелдік азаматтар мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):

Тауарды ілеспе қызметтермен жеткізуге тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, типін және санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарды алып кіру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей отырып, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсету арқылы, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымалды компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдауыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз ұялы телефондарын (Wi-Fi, Wi-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, көлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

13) Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратына кіру кезінде жеке басын куәландыратын құжатты өзімен бірге алып жүруге және оны көрсетуге, (кіру/шығу кезінде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге;

14) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі - БӨП) көлік шлюзі арқылы өткізілетін көлік құралдарындағы тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, мүлік пен жабдыққа ілеспе құжаттарды көрсетуге, келу мақсаты туралы хабарлауға;

15) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға:

атыс қарулары, суық және басқа да қарулар, оқ-дәрілер, тесетін және кесетін заттар;

адам организміне емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға не ағзаның органдары мен жүйелерінің функцияларын алмастыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, жеке көзбен шолып бақылау құралдарын, бейне -, кино - және фотоаппаратураларды, жазып алатын құрылғыларды, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдауыштарды (флеш-карталар, USB-дискілер және басқалар), ұялы байланыс құралдарын, сондай-ақ оларға керек-жарақтарды, жеке электрондық техниканы, радиотехникалық және басқа да аппаратуралар;

деректерді тасымалдау, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілер мен Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 4G және т.б.) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғылар, оның ішінде сымсыз құрылғылар;

уландырғыш заттар мен күшті әсер ететін улы заттар;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттар;

радиоактивті заттар;

психотроптық заттар, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттар;

алкогольдік ішімдіктер, есірткі заттары, тез тұтанатын сұйықтықтар (өндірістік мақсаттарға қажеттілерді қоспағанда);

16) ілеспе қызметтерді көрсету басталғанға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнында кіріспе нұсқамадан және нұсқамадан өту үшін персоналды жіберуге;

- 17) ілеспе қызметтерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 18) ілеспе қызметтерді орындау кезінде электр қондырғыларын пайдалану тәртібін регламенттейтін стандарттардың талаптарына сәйкес электр қондырғыларын пайдалану кезінде электр қауіпсіздігі қағидаларының және қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 19) ілеспе қызметтерді орындау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да талаптарына жауап беретін жабдықтар мен сапалы материалдарды пайдалануға;
- 20) ілеспе қызметтерді орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқаулықтан өту үшін персоналды жіберуге;
- 21) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 22) ілеспе қызметтерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 23) Тауарды жеткізу және ілеспе қызметтерді орындау басталғанға дейін Жеткізуші, қосалқы мердігер қызметкерлерінің Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тауарды ілеспе қызметтермен жеткізу кезінде алынған құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюын қамтамасыз етуге;
- 24) Тауармен бірге Тапсырыс берушіге Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 876 шешімімен бекітілген «Жеңіл өнеркәсіп өнімінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне (КО ТР 017/2011) сәйкес сәйкестік сертификатының (декларациясының) көшірмесін, өзге де құжаттаманы (дайындаушы зауыттың сертификаттары, пайдаланушының нұсқаулықтары және т.б.) ұсынуға;
- 25) Шарт бұзылған жағдайда өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға және оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жіберуге;
- 26) Тауарды Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша өз көлігімен жеткізуге;
- 27) Тапсырыс берушіні Тауар келетін көліктің нөмірі туралы хабардар етуге, сондай-ақ Тауарды қабылдау-тапсыруға қатысушылардың, өкілдердің деректерін хабарлауға;
- 28) Тапсырыс беруші Актіге қол қойған күнге дейін Тауардың жоғалу, бүліну немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;
- 29) Тапсырыс берушіге Тауарды бергенге және ілеспе қызметтерді орындағанға дейін Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне Тауарды пайдалану және оған қызмет көрсету қағидаларымен таныстыруды жүргізуге;
- 30) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге, шығындарды толық көлемде өтеуге және Шарттың талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге;
- 31) ілеспе қызметтерді орындау үшін Тапсырыс берушінің Жеткізушіге берген жабдықтарының, материалдарының, құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге. Материалдарды, құжаттарды және жабдықтың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, жөндеуге (қалпына келтіруге) және жөндеу (қалпына келтіру) кезінде амалсыз бос тұрып қалуға кеткен барлық шығынды (жіберіп алған пайда үшін де) өтеуге;
- 32) ілеспе қызметтерді орындау кезеңінде ілеспе қызметтерді орындау жөніндегі қызметті үйлестіру үшін байланысатын тұлғаны айқындауға;
- 33) Тапсырыс берушінің аумағында және үй-жайларында ілеспе қызметтерді орындау үшін бөлінген қосалқы мердігерлер болған кезде олармен өз жұмыстарын дербес үйлестіруге

міндеттенеді.

Қосалқы мердігерлерге көрсетілетін ілеспе қызметтің жалпы көлемінің үштен екісінен асатын қызмет көлемін беруге жол берілмейді;

34) егер Тапсырыс беруші себебін көрсете отырып, Жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Жұмысты орындаудан шеттетуге туралы өтінген жағдайда, 72 сағат ішінде шеттетуге, бұдан кейін аталған тұлғаның Шарт бойынша Жұмысты орындаумен еш байланысы болмауы тиіс;

35) егер Шарт бұзылса, ілеспе қызметтерді орындауды дереу тоқтатуға;

36) Жеткізуші жеткізетін бүкіл материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, көлікпен тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауап береді. Жеткізу тек қана Жеткізушінің атына жүргізіледі. Қандай жағдай болмасын Тапсырыс беруші жеткізуге, өңдеуге, сақтауға байланысты шығындар мен көлік құралдарының бос тұрып қалуынан болған төлем үшін жауап бермейді. Ешқандай жеткізулер Тапсырыс берушінің атына жіберілмейді.

3.4. Жеткізуші:

1) Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем алуға.

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпей жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге **құқылы**.

3) Шарт талаптарына сәйкес Актіге қол қоюға құқылы.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні - Шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн.

4.2. Тауарды жеткізу орны: A01T7M2, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, №511 үй.

4.3. Тапсырыс берушінің ілеспе қызметтермен жеткізілген Тауарды тексеру мерзімі 3 (үш) күнтізбелік күнді құрайды.

4.4. Тауарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге пошта, факс, электрондық пошта және басқалар арқылы жазбаша хабарлама жібереді. Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес келетін басқа жаңа Тауарды ұсынуға міндетті.

4.5. Ақаулар болмаған жағдайда, Жеткізуші мен Тапсырыс беруші Актіге 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде қол қояды. Акт Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалады.

4.6. Тауарды ілеспе қызметтермен жеткізу және қабылдау-өткізу жұмыс күндері сағат 09.00-ден сағат 17.00-ге дейін жүргізіледі.

4.7. Тауарға меншік құқығы Тапсырыс берушіге Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәттен бастап ауысады.

4.8. Тауарды Тапсырыс беруші:

1) саны мен сапасы бойынша - жүкқұжатқа, Шарттың 3.3-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген құжаттарға сәйкес;

2) баға бойынша - Шарттың талаптарына сәйкес қабылдайды.

4.9. Жеткізуші Шартқа қосымшада көрсетілген талаптарға дәл сәйкес Тауарды Тапсырыс берушіге толық берген жағдайда Тауар жеткізілді деп есептеледі.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 6 айдың ішінде Тапсырыс берушінің ұсынған нысаны бойынша кепілгердің міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оларды өз есебінен жоюға немесе ақаулы Тауарды бағасы бойынша ұқсас және тиісті сападағы (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының 0,1% (ноль бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5 % (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақауы бар Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауды жою мерзімін бұзған жағдайда – ақауы бар Тауарды бағасы бойынша ұқсас және тиісті сападағы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) жаңа Тауарға ауыстыру күнін немесе ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының 0,1 % (ноль бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5 % (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Егерде ақауларды жою және (немесе) ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Жеткізуші Тауарды қабылдау-өткізу барысында ақауы бар Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезінде ақауы бар Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Тараптар Шарттың 7-тарауын бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.10. Жеткізуші Тауарды жеткізу және ілеспе қызметтер көрсету кезінде Жеткізушінің және қосалқы мердігердің қызметкерлерімен болған барлық жазатайым жағдайларға жауап береді, оның ішінде оның қызметкерлерінің және қосалқы мердігердің қызметкерлерінің:

1) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасында белгіленген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидаларын;

2) электр қондырғыларын пайдалану тәртібін регламенттейтін стандарттарда белгіленген электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі электр қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтамағаны үшін жауапкершілік алады.

6.11. Жеткізуші өзіне ұсынылған Тауардың, сапалы материалдардың, құрылымдардың, тораптар мен бөлшектердің тиісті сапада болмағаны үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған коммутациялық аппараттың, сапалы материалдардың, конструкциялардың, тораптар мен бөлшектердің берілгені үшін жауапты болады.

6.12. Тапсырыс беруші Шарттың 3.3-тармағының 30) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарламаны алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 2.1-тармағының үшінші бөлігінде және 10.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 6) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы >
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы >
<Тапсырыс беруші нің ЖСК >
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. – аты-жөні.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее - Товар) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

